



Мүшәйра

САЛДЫРҒАН, ТАМСАНДЫРҒАН ЖЫР» ДОДАСЫ

Бүгінде тұтас елдің түпқазығына айналып, ұлтты ұйымдастырушы күшке ие болып отырған ана тіліміз достықтың кілті, ынтымақтастықтың бастауы. Биыл Тілдер күні жылдағыдан ерек, алғаш рет қыркүйектің 5-ші жұлдызында атап өткізіліп отыр. «Ұлттың сақтауына да, жоғалуына да себеп болатын нәрсенің қуаттысы - тіл» деп ұлағатты сөз қалдырған қазақ тілі білімінің негізін қалаған Алаш арысы, ұлт ұстазы Ахмет Байтұрсынұлының туған күні. Енді барша Қазақстан жұрты қазақ әліпбиінің негізін салған ғалымның туған күнінде тілдер мерекесін атап өтетін болады.

Қазақстан халқы тілдері күні ауданымызда да кеңінен атап өтті. Бұл күні тіл жанашырлары аудан орталығындағы жаңадан абаттандырылған Шортанбай жырау ескерткіші алдына жиналды. Осынау мереке күні қазақтың «Зар заман» ақындарының көрнекті өкілі, абыз жырау Шортанбай Қанайұлының 200 жылдығына арналған «Жыраудан қалған жауһар сөз» атты аудандық көркемсөз шеберлері байқауының және Шет ауданының 90 жылдығына арналған «Шет өлкесі - шежірелім, киелім» атты ақындар мүшәйрасын өткізу белгіленген болатын.

Салтанатты шарада аудан әкімінің орынбасары М.Жұмкин осынау шараға жиналған жұртшылықты қатар келген қос мерекемен құттықтап, Ұлттың ұлылығын сақтайтын басты жәдігеріміз - тіліміздің тағдыры алаңсыз, тұғыры биік болсын, -деп өткізетін

көркемсөз шеберлері байқауы мен ақындар мүшәйрасының мақсатын, халықтың рухани, мәдени мұраларын келешек ұрпаққа жеткізу, сөз өнеріне деген жастардың

рам күнімен құттықтап, байқауда топ жаруларына тілектестігін білдірді.

Мұнан соң мереке салтанатына қатысушылар абыз жыраудың



қызығушылығын арттыруына ықпал етеді дей келіп, байқауға қатысушыларға сәттілік тіледі. Мұнан соң аудандық «Қазақ тілі» қоғамының төрағасы Е.Жәнібеков пен «Айтқантау» қоғамдық қорының төрағасы Б.Жұмкеұлы тілі бар елдің ұлттық тарихы, ұлттың санасы мәңгілік жасайды. Тіл туралы сөз қозғалғанда жүрегі қазақ деп соққан әр қазақстандықтың жүрегінде өзінің туған тіліне деген құрметтің оянуы сөзсіз, - дей келіп шараға қатысушыларды ұлық мей-

ескерткішіне гүл шоқтарын қойып, ескерткіш суретке түсті.

Аудан әкімдігінің мәжіліс залына байқауға қатысушылар мен жыр жауһарын тамашалаушы жұртшылық көп жиналған. Аудандық мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бас маманы Г.Махмұтова мүшәйраға қатысушылардың көп болғанын, қойылар талаптың да жоғары екенін айта келіп, қатаң іріктеуден соң бүгінгі өтер қорытынды шараға тек 18 үміткер қатысатынын атап өтті.

Белгілі қаламгер Сәбит Бексейіт бастаған қазылар алқасы жұртшылыққа таныстырылды. Жиналған көпшілікке осынау шараның мақсаты - мемлекеттік тілдің мәртебесін арттыру, тіл мәдениетін көтеру, тарихи құндылықтарымызды жырға қосып, патриоттық сезімдері мен азаматтық жауапкершілігін арттыруға жол ашу, ел арасындағы таланттарды танып, олардың шығармашылық ізденісін ұлғайту, дарынды жастардың шеберлігін шыңдап, өлеңге деген ынтасын оята екені жеткізілді. Ал байқаудың талаптары алдын ала баспасөзде жа-



рияланғандықтан көзі қаракты көпшілік кеңінен хабардар.

Шортанбай жыраудың толғауларын, жырларын дәріптеу мақсатына арналған «Жыраудан қалған жауһар сөз» көркемсөз шеберлері байқауы басталып та кетті. Талап та жоғары. Қатысушылар жыраудың жыр толғауларын жатқа, мәнерлеп оқуда. Мүшәйраға қатысушылар 3 тақырыпта өнер сайысына түсті. Байқау барысы дарынды жастардың бар екенін анық байқатты. Тұщымды жырларымен жарқырай көрінген таланттарды көпшілік қауым қол соғып құрметтеп, қанаттандырып отырды.

Байқау соңында қазылар алқасы шешімімен жүйрік танылған шеберлердің есімдері жария етілді. «Жыраудан қалған жауһар сөз» байқауында Аружан Серікбаева, Зекен Абылай, Жұлдыз Саяфутдиновалар жеңімпаз танылды. Сондай-ақ, Іңкәр Тойғанбай арнайы жүлдеге ие боды. Ал, ақындар мүшәйрасы жеңімпаздары болып Берікбол Амангелвдин, Толғанай Мендібаева, Алтай Смет танылса, бас жүддені белгілі ақын Амандықов Тезекбай иеленді. Нұртай Ерсұлтан мен Бәдел Жаһаншах арнайы жүлдені қанжығаларына байлады. Шараға қатысушыларға Алғыс хат пен ақшалай сыйлықтар табысталды. Жеңімпаз атанғандарға марапаттар ауданымыздың 90 жылдық салтанатында табысталатын болады.

Жыр додасы әнмен, күймен өріліл отырды. Ұрпақты ата дәстүр рухында тәрбиелеу, халықтың рухани, мәдени мұраларын келешек ұрпаққа жеткізуді мақсат еткен шара көрермендерді тұщымды жырға сусындатып, жүректерінің түбіне елге, жерге деген патриоттық сезімдерін ұялатты.

Өз тілшімізден.